

12 Желтоқсан
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

«ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫ-2023» ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ВОЛОНТЕРЛЕР КҮНІНЕ ЖӨНЕ ӨНІРДЕГІ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 10 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫ-2023» ІС ШАРАСЫ ӨТТІ. БЕЛСЕНДІ ЖӨНЕ ТАЛАНТТЫ ЖАСТАРҒА МАРАПАТ ТАБЫСТАУҒА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ШАРАҒА ОБЛЫС ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ ҚАТЫСТЫ.



Мерекелік жиында «Үздік жастар ресурстық орталығының басшысы», «Жыл үздігі», «Жыл серпіні», «Үздік креативті орталық», «Үздік волонтерлік топ», «Үздік волонтер» номинацияларын иелеріне табыстады.

Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы үздіктер қатарынан көрінсе, «Үздік жастар ресурстық орталық басшысы» но-

минациясымен орталық басшысы Жангүл Ізғарина марапатталды. Аудан еріктілері биылдың өзінде Республика, облыс көлемінде марапаттарға қол жеткізді. Сондай-ақ, аудандық жастар ресурстық орталығының бастамасымен «NEET» санатындағы жастармен жұмыс жобасын, «Шексіз мүмкіндік», «Таза аула», «Оразадағы 10 игі іс» жобаларын жүзеге асы-

рғандығын еске саламыз.

Р.С. 5 желтоқсан – Халықаралық волонтерлер күніне орай қоғамдық, қайырымдылық шараларда белсенділік танытып жүрген жастарға Республикалық волонтерлер фронт-офисінің басшысы Т.Миронюк және облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы Н.Мусиннің Алғыс хатын бір топ жастарға тапсырды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫҢ ЖОҒАРЫЛАУЫ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА ҚАЛЫПТАСАДЫ

ТҮРКІСТАНДА ӨТКЕН ҰЛТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ЕКІНШІ ОТЫРЫСЫНДА ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ҮШІН ӨРБІР ОТАНДАСЫМЫЗ АДАЛ АЗАМАТ БОЛУҒА ҰМТЫЛУЫ ҚАЖЕТТІГІН, ЖАС ҰРПАҚТЫ АДАЛ АЗАМАТ ЕТІП ТӨРБИЕЛЕУІМІЗ КЕРЕКТІГІН АЙТТЫ.



Құқықтық білім мен құқықтық сананың қалыптасуы – қазір адамға да, қоғамға да қажет. Өйткені, Қазақстан – құқықтық мемлекет ретінде орнықтырылған біздің қоғамымызға жан-жақты білімді, халықтың мүддесін қорғай алатын, егеменді елімізге өз үлестерін қосатын нағыз отандық ұлтжанды азаматтар қажет. Мұндай азаматтарға тәлім тәрбие беретін алғашқы оқу орыны – мектеп. Өйткені, адамдар арасындағы қарым-қатынастың қоғамдағы демократиялық жолы тікелей құқықтық тәрбиеге байланысты. Сондықтан, өткен жұма аудандық мәдениет үйінде «Азаматтардың құқықтық санасын жоғарылату» атты Ойыл селосындағы мектептердің жоғары класс оқушылары мен Ойыл аграрлық колледж студенттеріне арналған жиналыс өтті. Жиналысқа аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудан прокуро-

ры Ақеділ Үсенов, аудандық ПБ бастығы Ардақ Қангелдин, аудандық аурухананың бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев пен ауыл ақсақалдары мен ардагер ұстаздар қатысты.

Әрине, қазір жастар арасында бір-біріне үстемдік жүргізу болмаса бопсалау, өз әрекеттерінің барлығын бейнетаспаға түсіріп, әлеуметтік желіге жариялап, әшкере етіп немесе қорқыту жастар арасындағы кең қанат жайып келе жатқан қылықтар. Сонымен қатар, бүгінгі күні көмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың себеп-салдары, балалардың арасындағы суицид, әлеуметтік желідегі құқықбұзушылықтың насихаттайтын ақпараттардың жастардың дамуына кері әсері де осы кездесудің арқауы болды.

Мәселен, «Ойыл ауданының білім беру ұйымдарындағы жасөспірім балалардың арасындағы суицид-

тің алды-алу жұмыстары туралы» аудандық білім бөлімі жанындағы әдістемелік кабинеттің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және психологиялық қызмет бойынша әдіскері Мейрамгүл Жүндібаева баяндама жасады.

«Көмелетке толмаған оқушылардың құқықтарының қорғалуы» туралы баяндаған аудан прокуроры Ақеділ Үсенов, «Жастардың құқықтық санасының дұрыс қалыптасуы оның жоғарғы құқықтық мәдениетпен ұштасуына үлкен ықпал етеді, жас тұлғаның бойында тұрақты ой-тұжырым сезімін орнатады» - десе, «Көмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстары мен қазіргі ахуал туралы» хабарлаған аудандық ПБ бастығы Ардақ Қангелдин «Жасөспірімдер арасында қоғамдық тәртіпті нығайту, құқықтық мәдениетті жаңғырту және жандандыру - жасөспірімдердің арасындағы қылмыстың көбеюіне, жастардың нашакорлығы мен адамзаттың басына төніп тұрған әртүрлі дерттің қанат жаюына жол бермес едік» - дейді.

Ал, жастар баяндамашыларға

өздерін мазалаған сұрақтарды қойса, жасөспірімдер арасында кездесетін жайттардың алдын-алу мақсатындағы ойлар бейнероликтер арқылы көрсетілді. Кездесу барысында еңбек ардагері Тілеген Алданаев пен ардагер ұстаз Марал Еркінова өздерінің өмірлік тәжірибелерінен түйген тағылымдарын айтты. Ал, кездесуді қорытындылаған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы «Тәуелсіз еліміздің болашағын алға апарар білімді, парасатты, құқықтық мәдениеті жетілген парасатты ұрпақ тәрбиелеу – ұлы парызымыз.

Білім саласын реформалау мен дамытудың ауқымды міндеттерінің ішінде оқушыларға құқықтық тәрбие беруді жетілдіру, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы сапалық деңгейін көтеру арқылы біздің басты міндеттеріміздің бірі қазақстандық отансүйгіштікті, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін жастардың болашағы болатынына сенемін!» - деді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті ойылдықтар! қымбатты жерлестер!

Баршаңызды егемен еліміздің ұлттық мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары еліміз шекарасы бекітіліп, халықаралық аренада мемлекетіміздің беделінің өсуіне бағытталған шаралар жүзеге асты. Алғаш ядролық қарудан бас

тартқан бейбітсүйгіш ел ретінде жаһандық қауымдастыққа танылды.

Егемен ел ретінде Қазақстанның Конституциясы қабылданып, теңгеміз айналымға енді, Елордамыз әсем қала Астана қаласы бой көтерді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауында «Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр. Біз бұған Елбасы саясатының сабақтастығын сақтап, жүйелі реформалар жүргізу арқылы қол жеткізе аламыз» - деп атап өткен болатын.

Біздің бүгінгі мақсаттарымыз бен міндетіміз тұрғындарымыздың өмірінің сапасы мен тұрмыстық деңгейін көтеруге бағытталған.

Құрметті аудан тұрғындары!

Тәуелсіздік – барша Қазақстан халқы ерекше қадірлейтін, өткеннен тағылым алып, келешекке байыпты қадам жасайтын маңызды күн. Біз еркіндігімізді әрқашан мақтап тұтып, қастерлей білуге тиістіміз. Бұл - біздің азаматтық парызымыз, адамдық борышымыз. Елдің даму көшінде ойылдықтардың да өзіндік орны бар. Аудан тұрғындарының ерен еңбектерінің нәтижесінде өңірде экономиканың барлық бағыттары қарқынды дамып келеді.

Әр салада жаңашыл бастама мен игілікті істер бар. Тек биылғы жылдың өзінде аудан тұрғындарының игілігіне арналған әлеуметтік нысандар жөндеуден өтіп пайдалануға берілсе, көшелер жарықтандырылып, кәсіпкерлік бағыттағы бірқатар қызмет көрсету орындары ашылды. Мұның бәрі берекелі бірлігіміздің арқасында жеткен жетістіктеріміз. Алдағы уақытта да әлі талай игілікті істердің куәсі болатынымызға сенімдеміз.

Барша аудан халқын Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтай отырып, еліміздің кемел келешегін нығайту жолындағы еңбектеріңізге табыс, мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ - береке тілеймін!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, мемлекетіміздің мерейі үстем, еліміздің егемендігі баянды болсын!

**Құрметпен,
Ойыл ауданының әкімі
Асқар Қазыбаев**

ОҚЫРМАНҒА АРНАУ!

БҮГІНГІ ТАҢДА ӨЛЕМДЕГІ БАР ХАЛЫҚТЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ҚОЛДАНУШЫСЫ. ОСЫ ОРАЙДА, ДӘСТҮРЛІ БАСПАСӨЗДІҢ ТҰТЫНУШЫСЫ ҚАРТАЙЫП БАРА ЖАТҚАНЫН ТАЛАЙЛАР АЙТЫП ТА, ЖАЗЫП ТА ЖҮР.

Алайда, халықпен өткен әртүрлі кездесулерде кешіккен газеті мен жіберген мақаласының жай-жапсарын сұрайтын оқырманның баспасөзге ықыласы ортаймағанын көріп, көңіліміз тоғайды. Өсіресе, алтын бесік – ауыл халқының құрметі ерекше екеніне көзіміз жетті. «Қай елдің баспасөзі күшті болса, сол елдің өзі де күшті» деп Алаш қайраткері Міржақып Дулатов айтпақшы, қазақ баспасөзінің бір бөлшегі «Ойылдың» елеуетті болуы, оқырманының қолдауына байланысты!

Тағы бір үлкен құбылыс – көзқарасы түбегейлі өзгерген, еркін ойлы ұрпақ өсіп келеді. Олар жан-жақты дамуға, жедел өзгерістерге бастайтын, білім мен технологияға жол ашатын, ғылымға, сенімді дереккөзіне негізделген ақпаратқа құмар. Ендеше, Абайдың «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!» - деген өсиетін еске түсіріп, ауданның жаңалығын қалың оқырманына уақытында, мәнді-мазмұнды жеткізу, халыққа тиімді, пайдалы ақпарат беру – «Ойыл» үшін үлкен міндет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру барысында да бұл мәселе айрықша назарға алынып отырғанын көріп

отырмыз.

Бір қуаныштысы, қазір қазақ тіліндегі ақпаратты тұтынатын аудитория күн санап артып келе жатыр. Саны ғана емес, сапасы да анағұрлым жоғарылаған. Қоғамдағы ең маңызды оқиғалар қазір ең алдымен ұлт тілінде ойланып отыратын оқырманның ортасында қызу талқыланады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыру барысында да бұл мәселе айрықша назарға алынып отырғанын көріп отырмыз.

Әрине, газеттің оқырманы он-он бес жыл бұрынғымен салыстырғанда біршама азайды. Алайда, замананың даму үрдісіне қарап отырсақ, ақпарат таратудың қандай түрі пайда болса да, баспасөздің қоғамдағы орнын алмастыра алмайды. Өйткені, сапалы ақпарат – ұлттың сапасына да бірден-бір әсер ететін негізгі фактор. Ал, сапалы ақпараттың қайнар көзі, ол – дәстүрлі баспасөз. Біздің ауданда дәстүрлі баспасөз – тарихы 100 жылға таяған аудан халқының үні – «Ойыл» газеті! Сондықтан, сенімді дерек пен сапалы ақпараттың көзі – «Ойылға» жазылу туған жерінің түлеуін тілейтін әрбір азаматтың парызы!

ГАЗЕТІМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ
20 ЖЕЛТОҚСАН,
СӘРСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ.

16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ ОРАЙ АУДАНДЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Уақыты	Өтетін орны	Жауапты орындаушылар
1	Мерекеге орай жасөспірімдер арасында қазақ күресінен аудан біріншілігі	14 желтоқсан	ОБЖСМ	Ойыл ауданының әкімдігі
2	«Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы!» атты патриоттық кеші	14 желтоқсан	Коворкинг орталығы	Ойыл ауданының әкімдігі
3	«Тәуелсіз Қазақ елі» атты көрме	14 желтоқсан	Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі	Ойыл ауданының әкімдігі
4	«Төңір сыйы – Тәуелсіздік» атты Тәуелсіздік құрдастарымен интеллектуалдық сайыс	15 желтоқсан	Коворкинг орталығы	Ойыл ауданының әкімдігі
5	Аудан жастары арасында шағын футболдан қайырымдылық турнир	14 желтоқсан	Дене-шынықтыру сауықтыру кешені	Ойыл ауданының әкімдігі
6	Барлық мектептер мен колледжде Желтоқсан оқиғасына қатынасушылармен кездесулер және Тәуелсіздік туралы деректі фильмдер көрсетілімі	10 –15 желтоқсан аралығы	Барлық білім беру ұйымдары мен Ойыл аграрлық колледжі	Ойыл ауданының әкімдігі
7	«Тәуелсіздік – теңдігім» атты қайырымдылық /әлеуметтік іс-шаралары	10-15 желтоқсан аралығы	Ойыл ауылы	Ойыл ауданының әкімдігі
8	Көмекке мұқтаж мүмкіндігі шектеулі жандар мен қарттарға көмек көрсету мақсатында ауа-райының жағдайына қарай, тұрғын үйлердің ауласын қардан тазалау, қоқыс шығару, тазалық жұмыстары сынды түрлі қайырымдылық шаралары	14 –16 желтоқсан аралығы	Барлық ауылдық округтерде	Ойыл ауданының әкімдігі
9	«Тәуелсіз елім – кең байтақ жерім», «Ел аңсаған Тәуелсіздік» т.б. тақырыптарында танымдық шаралар, көрмелер	14 –15 желтоқсан аралығы	Барлық ауылдық кітапханалар, клубтар	Ойыл ауданының әкімдігі
10	Желтоқсан оқиғасына қатысушыларды қатыстыра отырып «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы!» еске алу кеші	15 желтоқсан	«Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы	Ойыл ауданының әкімдігі
11	Тәуелсіздік құрбандарын еске алып, құран бағыштау	16 желтоқсан	Ойыл аудандық орталық мешіті «Шағатай-Хазрет» мешіті Амангелді ауылдық мешіті Қараой ауылдық мешіті	Ойыл ауданының әкімдігі

ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫН (ЖМЗЖ) ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУҒА АРНАЛҒАН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР



БЖЗҚ 01.01.2024 жылдан бастап қолданыстағы жинақтаушы жүйе жаңа шартты-жинақтаушы құрамдауыш - жұмыс берушінің зейнетақы жарналарымен (ЖМЗЖ) толықтырылатынын еске салады.

ЖМЗЖ агенттің, өзге де ақылы жұмысы бар адамдардың (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) өз қаражаты есебінен 1975 жылғы 1 қаңтардан кейін туған жұмыскерлер үшін ғана аударылатын болады. ЖМЗЖ шамасы ЖМЗЖ есептеу үшін қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысынан белгіленеді:

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап

– 1,5 пайыз мөлшерінде;

- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 2,5 пайыз мөлшерінде;

- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 3,5 пайыз мөлшерінде;

- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 4,5 пайыз мөлшерінде;

- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап – 5 пайыз мөлшерінде.

Бұл ретте қызметкердің ЖМЗЖ есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы табысы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының мөлшерінен кем болмауы және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең

төменгі жалақының 50 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

ЖМЗЖ-ны ҚР Әлеуметтік кодексінің 251-бабында көрсетілген бірыңғай төлем құрамында төлеуді таңдаған салық агенттері үшін жұмыскердің жалақысынан бірыңғай төлем мөлшерлемесіндегі ЖМЗЖ үлесі:

- 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 7 пайыз;

- 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 10,5 пайыз;

- 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 14,1 пайыз;

- 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 17,4 пайыз;

- 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап

– 19,0 пайыз болмақ.

Төменде жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын аударуға болатын деректемелер келтірілген:

Агент жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) аударуды қолма-қол ақшасыз төлемдер арқылы жүргізеді.

Банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда (бұдан әрі – банктер) шоттары жоқ, ЖК, ДК-мен айналысатын тұлғалар, ЖМЗЖ-ны кейіннен БЖЗҚ-ға аудару үшін банкке қолма-қол ақшамен енгізеді. Ұсталған (есепке жазылған) ЖМЗЖ Мемлекеттік корпорацияға мына деректемелер бойынша аударылады:

Атауы Деректемелер

Бенефициар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ

Бенефициар банкі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ

Бенефициар БСК GCVPKZ2A

Бенефициар ЖСК KZ12009NPS0413609816

Бенефициар БСН 160440007161

ТМК: ТМК Төлем мақсатының код атауы

ТМК 089 жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары

ТМК 098 жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын уақытлы аудармағаны үшін есімпуль

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ БАРЛЫҚ МӘН-ЖӘЙДІ ЕСКЕРУ ҚЕРЕК!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІМЕН МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТІ АЛУШЫЛАРДЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ БОЙЫНША ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

Атап айтқанда, 18 жасқа толған азамат қала әкімдігіне «Өскерге шақыруды кейінге қалдыру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін жүгінген.

Мемлекеттік ұйым өз кезегінде Қазақстан Республикасының «Өскери қызмет және өскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сілтеме жасай отырып, қызмет көрсетуден бас тартқан.

Қызмет алушы мұндай шешіммен келіспей, Департаментке шағым жолдаған болатын. Шағымды қарау қорытындысымен қызмет берушімен істің мән-жайларын толыққанды дұрыс зерделемендігі анықталды.

Нақты айтатын болсақ, азамат аталған мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін 2022 жылдың 19 қыркүйегінде өтініш жолдап, қызметтің оң нәтижесін алған, яғни 2025 жылдың 1 маусымына дейін өскерге шақыру кейінге қалдырылған.

Алайда, қызмет алушы 2022 жылдың қазан айында сол жоғары оқу орнынан шығып кеткен.

Заңның 35-бабына сәйкес, «осы бапта көзделген өскерге шақыруды кейінге қалдыру үшін негіз-

дерінің күші жойылған азаматтар осы Заңда белгіленген тәртіппен өскерге шақырылуға жатады» - делінген. Яғни қызмет алушының жоғары оқу орнынан шығуы оның 2022 жылғы 23 қыркүйектегі алған өскери қызметті кейінге қалдыру мәртебесінің күшінің жойылуына себеп болды.

Дегенмен, Қызмет беруші өскерге шақыру комиссиясының шешімін басшылыққа ала отырып, азаматтың өтінішіне бұған дейін өскери қызметке шақырудың кейінге қалдырылғандығы негізінде бас тартқан.

Шағымды қарап, Департаментпен қала әкімдігіне қызмет алушының құқықтарын қалпына келтіру, сондай-ақ мұндай фактілерге бұдан әрі жол бермеу жөнінде ұсыным енгізілді. Ұсыным негізінде әкімдік қызмет алушыға қызметтің оң нәтижесін беріп, құқықтарын қалпына келтірді.

Талғат ЖАҚСЫБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасы.

ГАЗДАН КЕЛЕР ҚАУІП АЗ ЕМЕС!



Аяқталғалы жылдың басында облысымызда тұрғын үйлердегі газ баллондары жарылыстарының бірнеше жағдайы тіркелді.

Мәселен, жыл басында, 20 қаңтар күні Ырғыз ауданы, Нұра ауылдық округі, Нұра ауылы, Жүргенов көшесіндегі жеке үйде газ баллоны жарылып, салдарынан үйдің қабырғасы құлап, толықтай өртенді.

Өрт салдарынан 2 ер адам және әйел адамды күйік шалды.

Ал, 21 қаңтар күні 13 сағат 36 минутта Әйтеке би ауданында, Целинная көшесі бойындағы тұрғын үйде газ-ауа қоспасының (газ жүйесінде) жарылысы болды, жарылыс салдарынан 120 ш.м. алаңда қабырға мен шатырдың құлауы анықталды, зардап шеккендер жоқ.

23 қаңтар күні 112 құтқару қызметіне 17 сағат 40 минутта Алға ауданы, Маржанбұлақ ауылы, Ш.Қалдақов көшесінде газ-ауа қоспасының (газ жүйесінде) жарылысы болғандығы туралы хабарлама түсті.

Нәтижесінде үйдің қабырғалары мен шатырын құлатқаны анықталды. Жарылыс салдарынан 4 адам зардап шекті.

Жоғарыда келтірілген барлық жағдайда да газ баллондарының жарылуының негізгі себебі - газ баллонын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігінің сақталмауы.

Біздің ойымызша өртүрлі конструкциялы газ аспаптарымен жылытылатын тұрғын үйлер бар, осыған байланысты өрттердің алдын-алу мақсатында газ аспаптары мен баллондарды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын еске саламыз:

- тұрмыстық газ аспаптарын газбен жабдықтауға арналған газ баллондары (оның ішінде ас үй плиталары, су жылыту қазандықтары, газ колонкалары) ғимараттардан тыс жапсарлас құрылыстарда немесе жанбайтын материалдардан жасалған шкафтарда қабырғаның түйық тұсында кіреберістен кемінде 5 м қашықтықта ғимарат, цокольдық және жертепе қабаттары орналастырылса;

- балаларға және осы аспаптармен жұмыс істеу ережелерін білмейтін адамдарға газ аспаптарына жол бермеңіз;

- газ баллондарын гараждарда, пәтерлерде, балкондарда сақтамаңыз;

- газ баллондарын тек мамандандырылған пункттерде ғана толтырыңыз;

- пәтерді жылыту үшін газ плиталарын пайдаланбаңыз;

- пәтерлерде газ плиталарын өзіңіз қоспаңыз және ажыратпаңыз;

- газ құрылғыларын қосу кезектілігін сақтаңыз;

- газ ағып кеткен кезде сіріңкені тұтатпаңыз, темекі шекпеңіз, жарық пен электр құралдарын қоспаңыз;

- иіс пайда болған кезде дереу газ қызметі мен өрт сөндіру қызметінің қызметкерлерін шақырыңыз.

Сонымен қатар газды пайдаланатын автокөліктер үлкен алаңдаушылық тудырады. Үнемділігі мен қоршаған ортаға келтіретін зиянының аздығымен қатар газ-баллон жабдықтарын пайдаланумен байланысты бірқатар қиыншылықтар да бар. Мамандандырылмаған стансаларда сапасыз жабдықтарды орнату көбіне олардың істен шығуына, соның салдарынан жарылыс пен өрттің туындауына әкеп соқтырады. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін жабдықтау және оған кесібі монтаждау жүргізу үшін стансаны таңдауда қаржыны үнемдеудің қажеті жоқ. Сондай-ақ, ГБЖ жабдықталған автомобильдер қызмет көрсетуде көп назар аударуды талап ететінін ұмытпаңыз.

ГБЖ жабдықталған автомобильде тыйым салынады:

- Газ баллонын тексеру мерзімі өткен келік құралын пайдалануға;

- Газ жабдығы ақаулы және газдың ағуы болған кезде қозғалтқышты қосуға;

- Ақаулы ГБЖ бар көлікті қайық бөлмеге қойға;

- Газ баллонды автокөлікті гаражда ашық блок клапандарымен сақтауға;

- Газды баллоннан және ГБЖ жүйесінен үй-жайда құюды жүргізуге.

Құрметті автокөлік иелері! Сіздің автокөлігіңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қозғалтқыштың жарамдылығын үнемі бақылап отыру керек. Ең бастысы, сыйымдылығы 2 кепілден кем емес ұнтақты немесе көмірқышқыл құрамды, жарамды өрт сөндіргіші болуы керек.

Есіңізді болсын! Өрт кезінде салпықандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөліміне «101» немесе «112» телефоны бойынша хабарласыңыз!

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

ВВЕДЕНИЕ ОБЯЗАТЕЛЬНЫХ ПЕНСИОННЫХ ВЗНОСОВ РАБОТОДАТЕЛЯ (ОПВР) И РЕКВИЗИТЫ ДЛЯ ИХ ПЕРЕЧИСЛЕНИЯ

ЕНПФ напминает, что с 01.01.2024 года действующая накопительная система будет дополнена новой условно-накопительной компонентой - обязательные пенсионные взносы работодателя (ОПВР).

ОПВР будут перечисляться за счет собственных средств агента, лиц, имеющих иную оплачиваемую работу (избранные, назначенные или утвержденные) и только за работников, родившихся после 1 января 1975 года. Величина ОПВР устанавливается от ежемесячного дохода работника, принимаемого для исчисления ОПВР:

- с 1 января 2024 года – в размере 1,5 процента;

- с 1 января 2025 года – в размере 2,5 процента;

- с 1 января 2026 года – в размере 3,5 процента;

- с 1 января 2027 года – в размере 4,5 процента;

- с 1 января 2028 года – в размере 5 процентов.

При этом, ежемесячный доход работника, принимаемый для исчисления ОПВР, должен быть не менее МРЗП (минимальный размер заработной платы, установленной на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете) и не должен превышать 50-кратный МРЗП, установленный на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете.

Для налоговых агентов, выбравших уплату ОПВР в составе единого платежа, указанных в статье 251 Социального кодекса, доля ОПВР в ставке единого платежа с заработной платы составляет:

- с 1 января 2024 года – 7,0 про-

цента;

- с 1 января 2025 года – 10,5 процента;

- с 1 января 2026 года – 14,1 процента;

- с 1 января 2027 года – 17,4 процента;

- с 1 января 2028 года – 19,0 процента.

Ниже приводим реквизиты для перечисления ОПВР:

Перечисление обязательных пенсионных взносов работодателя (ОПВР) производится агентом путем безналичных платежей.

Лица, занимающиеся ЧП, ИП, не имеющие счетов в банках и организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций (далее – банки), вносят ОПВР в ЕНПФ наличными деньгами в банк для их последующего перечисления в ЕНПФ. Удержанные (начисленные) ОПВР пере-

числяются в Государственную корпорацию по следующим реквизитам:

Наименование Реквизиты

Бенефициар НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан»

Банк бенефициара Н А О «Государственная корпорация «Правительство для граждан»

БИК бенефициара GCVPKZ2A ИИК бенефициара KZ12009NPS0413609816

БИН бенефициара 160440007161

КНП: КНП Наименование кода назначения платежа КНП 089 обязательные пенсионные взносы работодателя КНП 098 пеня за несвоевременное перечисление обязательных пенсионных взносов работодателя

Пресс-центр АО «ЕНПФ»

Тәуелсіздік - ел бақыты



Туған ел, Отан деген сөздер қастерлі де қасиетті сөз болып есептеледі. Біз есейіп ер жеткенде, біздің азаматтығымызға баға беретін осы ұлы Отаның – анаң емес пе?! Біз сол мейірімді ұлы ананың перзентіміз. Бала қамын анасы ойласа, есейе келе ана қамын – Отан қамын баласы ойлауы қандай жарасымды!

Менің елім – Қазақстан! Бұл – әрбір дала перзентінің көрісі бар, жасы бар – көкірегін кернеген мақтанышпен айтатын сөзі. Бұл тақырыпты жазар алдында көп ойланып, көп толғандым. Елім жайлы, алтын бесігім – туған жерім жайлы азаматтық жүрегіммен толғана сыр шерте алар ма екем?!

Менің Отаным – Қазақстан Республикасы – әрі жас, әрі көрі, байырғы атамекен. Жас болатыны – бабалар армандаған тәуелсіздік туының желбірегеніне 32 жыл болды, көрі болатыны – мына бүгін жаңғырып, жасарып жатқан Республиканың кең-байтақ аумағы, бағзы замандардан бері сенің атамекенің – бүгінгі біздің, кешегі бабаларымыздың құт мекені...

Қазақ елінің тарихы қызық та ұзақ, әрі терең. Оны ойлағанда, көз алдыңа толқынды асау теңіз елестейді. Суы мол, нәрлі бұлақтан бастау алған, оған үлкенді-кішілі өзендер қосылып, арнасын тереңдетіп үзбей ағып жатуды жазған. Халық жанының тереңінен нәр алған асау тау өзендерінің толқыны ең дарияға өлмес өмірдің күшін дарытып, бұрқанта көрсетеді. Толқын толастамайды, ағыс азаймайды, өйткені тарих сыры ән-жырға құмар халықтың сезімімен, қиялымен, ойымен араласып жаңа бұлақтардың көзін ашады, сол арқылы дария суын молайтады.

Қазақ баласы тарихтың қай сұрлеуінен өтті деп соңымызға айналып қарайтын болсақ, көк мұнар басқан көкжиектен құбыжық суреттер елестейді. Сендей соғылсықан тарих толқынында дарияның шетіне шығып қалған жаңқадай болмай, иірімге батып жоғалып кетпей, бірде алыса жүзіп, толқынға таласа ілесіп, талай оқиғаларды өткерді.

Қазан төңкерісі – қазақтар үшін отта тұрған берекелі қара қазанын шайқап-шайқап, төгіп-шашып төңкергендей әсер етті. Қара қазаны төңкерілген отбасынан береке кетеді, бірлік қашады, қазанды шағу – тал бесікті сындырып, отқа жағумен бірдей. Қамбасындағы астығын, қорасындағы малын алып, қазанын төңкерген қазақ – қаратабан жұтқа – ашаршылыққа ұрынды.

Бұл өлі аз. 29-30-шы жылдардағы Сталиндік зұлматтың зардабы өлі де сорақы. Бұл қазақ заманға ілескіш пе, әлде заманның зор жүгіне иығын төсеп, төтеп бергіш пе?!... Екі жағдайдың да желкесі-

не жармасып, бірде сүрініп, бірде жығылып, жер бетінен жойылып кетпей, ілдебайлап келе жатқанына қайраным бар.

Жері қандай кең болса, маңдайына жазылған азабы да соншалық мол. Қазақтың қаны мен теріне суарылған азаттыққа, тәуелсіздікке ұмтылған күресі бейне қиыр сахарадағы жолаушыға бағыт сілтеп алып, бәйтерек тәрізді қайқа замандарда мәуесі үзілсе де, тамыры қырқылмай, алғы күндерге үміткер етті. Айта салғанға елеусіз, әйтсе де, әркімнің көкейінен еш кетпей жүретін «Үміт» деген үлкен сөз.

Дария бөгетті бұзып, суды тасыту бір адамның қолынан келеді. Шақпақ тастан от беріп ғажайып өрт шығару бір адамның қолынан келеді. Ал сол тасыған суды тоқтату жүз адамның да қолынан келмейді. Орманды алған қалың өртті мың адамның да сөндіре алмауы мүмкін. Өзіңше басбұзарлық көрсетіп ел-елдің арасын бүлдіру қай рудың болсын қолынан келеді. Ал шашыраған, бүлінген жұрттың басын біріктіріп, тізе қосып, ел ету тек халқына жаны ашыған ұлдардың ғана қолынан келеді.

Иә, жері мен елі, Отаны үшін аянбай қызмет етіп, әділдікті жақтап, шындық жолын қуып, жанын пида етуге әрдайым дайын болған халқымыздың ұл-қыздары аз емес қой.

Алып даламыздың, алып апаларды толғатқан, ондаған ғасырлық ата тарихымызда өздерінің ой парасатынмен, білегімен, жүрегімен, жанымен, тәнімен қорғай жүріп, өз қолымен жасаған бабаларымыз азан шақырып, атын қойған Алаш тұлғалы апаларымыз бен ағаларымыз, ұлыларымыздың арқасында қазақ ел болды, осы күнге жетті, азаттық үшін алысты, елдік үшін бір ұранның қиқуында табысты, әлем өркениетіне айрықша із тастаған, алуан-алуан ұлы оқиғалардың тұсауын кесіп, қанатын қақтырған, қиратуы мен жаратуы қатар жүрген XX ғасырды тұрлаулы тарихқа аман атап, міне, жаңа дәуірге тәуелсіз ел болып аттандық.

Иә, алуан-алуан мінезді алаш жұртының кейінгіге жалт етіп қараған жалын толы жанары мен қимай қол созған қасиетті әлемі ғой бұл.

XX ғасырдың бізге сыйлаған ба-сты бақыты – еліміздің тәуелсіздігі. Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ... Бұған жетер жолды халқымыздың сан қилы тағдыры, жүріп өткен иір-қиыр жолдары мен асу-асу белдері жатыр. Тәуелсіздік алғалы бергі жылдарда жас та жаңа мемлекетіміз үшін оңайға соққан жоқ. Сол айтулы белестен әрі қуанып, әрі қобалжып жүріп, ірі қадам жасадық. Осыдан жиырма жеті жыл бұрын қазақ елі айдай әлемге өз тәуелсіздігін жариялап,

біз өз тарихымызды алғаш рет жалпақ дүниеге танытқан едік. Бұл әрі тарихи сый, әрі сын еді. Тәуелсіздіктің баянды етілгені – Қазақстан халқының тәуелсіздікке лайықты болып шыққанының арқасы, жұмылған жұмысының жемісі, ынтымақпен алған ырысы. 1986 жылғы жастар көтерілісі – бүгінгі еркіндігіміз бен тәуелсіздігіміздің баспалдағы. Сол көтерілістің рухани төркіні – сол еркендерді оятқан күш!

Арзанды алданыш етпей, елін, жерін ардақ тұтып, Отанына қызмет етуді алтын арқау етіп өткен асыл адамдар – міне, солар, нағыз өр көңілін бастырмай өткен өмір сүргіш өрен жандар, қайталанбас қадау-қадау тұлғалар. Өз халқын сүйе білген адам, өзге елді де сүйе біледі. Өз елін өле-өлгенше сүйіп өтетін, намысын нандай ардақтаған адамдар өз халқының шаңырағында уық болып тігіле де біледі. «Өз елім – өзегім», — деп жығылмас туды ту еткен жасампаз жандар өлшеулі ғұмырын өз махаббатымен өрнектеп өткен.

Елімнің өрлік пен өрлікке толы тарихы, оның ертеңгі үлкен де жарқын болашағы көз алдыма елестейді. Ұлы Даламды жайлаған тәуелсіз елдің азаматы екенімді, ел алдындағы мәңгілік өтегілес борышымды айшықты сөзбен кестелеп айтып бітіре алмаспын.

Әр нәрсеге бір елтіп жүрген балдыр тәтті бала кезімде ештеңеге терең үңіле қоймаушы едім. Сонда да көңілімде әйтеуір бір шегі жоқ сауалдар кернейтін де қоятын. Алайда не үшін өмір сүретіндігіме, келер күнге деген келелі мүддем қандай екеніне ой салмаппын. Аяыл, тартпастан енді жиып, еліміз енді ғана белді бекем буган шағында бізге артқан, төрк еткен азаматтығымыз қандай?

Бақыт... Бақыт дейсіздер ғой... Осы сөздің астарында қандай мағына жатыр десенізші! Әр адам оны өзінің ой-пікіріне қарай әр қилы түсінеді. Ал мен бақыт дегенді, көз алдыма үш байлығым келеді: Халқым, Тілім, Отаным! Мен бақыттымын! Өйткені, дербес елім, тәуелсіз жерім, ана уызымен қанға сіңген қасиетті қазынам – ана тілім бар, ата-бабамыздан қалған қара да дара жерім бар.

Менің алдағы өмірлік мақсатым – осы елім мен жеріме қызмет ету. Өзімді өзім сондай ұлы арман иесі болуға міндетті түрде дайындаймын. Өйткені, жалғасын таппаған жақсы арман көкіректе туындаған көркем жырдың қағазға түспей, қағжау көріп қалғандығындай өкінішке ұрындырады. Ал асқақ арманның асқар шыңдарына ар-намысының туын тіккен жан шыға алады. Міне, осы нағыз мықты адам.

Талай ұрпақтың сағын сындырып,

қапы қалдырып, біздің маңдайымызға бұйырған тәуелсіздік пен бостандық көзіміздің қарашығына айналғаны рас. Бүгінгі таңдағы төзім мен сабыр, ертеңге жетелеген үміт пен сенім, бойымыздағы кісілік пен біліктілік осы тәуелсіздікке қалай қызмет ететінімізге орай өлшенбекші.

«Жыр жазылар күйің келсе, сөз сөз болар түйіндесе» демекші, жоғарыдағы ойларымның тобықтай түйінін өлеңмен былайша өрнектеп айтсам деймін:

Жиырма жыл, жиырма жыл азаттық, Өзімізді құрсаудан да босаттық. Ақтадық біз ата-баба үмітін, Қолда қазір көк ту менен бостандық.

Желтоқсанның қанды суық ызғары, Қалың әскер қазағымды қорлады. Тәуелсіздікті қолдаған жастардың Отан үшін табандары тозбады. Жүректе намыс оты лапылдаған, Күш-жігері жастардың сарқылмаған.

Отан үшін олар шығып алаңға Қарсы ағып өзендей тасқындаған. Болмасам да сол кезде мен сеземін Жүректе намыс оты сөнбегенін, Ызғарына аяздың төзгендерін, Бұл күннің оңайлықпен келмегенін.

Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі, Мықты болсын елімнің керегесі. Татту-тәттібop халқымыз әрқашан, Кетпесін туған жердің берекесі.

Менің өмірге іңкәр, өз халқыма ғашық жұмыр жүрегім осылай деп ой толғап, жыр төгеді.

Өрбір адам өз өмірінде белгілі бір адамның жетегінде жүреді, арманына жету үшін бойындағы бар күш-қайратын жұмсайды. Адамның мақсат-мүддесі, оның шын мәніндегі ұлылығын немесе кішілігін көреді.

Менің нұрлы мақсат, биік арманым – өз халқымның кесегесін көгертіп, мерей-мөртебесін биіктету.

Осындай толғанысты ойлар әркімнің де көңілінде өліне – Қазақстанына деген шексіз мақтаныш сезімін туғызбай қоймайды. Мұндай сезім, көңіл-күй барлығымыздың бойымызда бар, ол бізге ана сүтімен қоса дарыған, сол ана әлдімімен санамызға сіңіп, мектеп ұстаздарының тәрбиесімен қалыптасты.

Қытығына тиіп, намысын тапта-саң, қайтпай соғысатын әрі өжет, әрі қайсар қазағым тозақ пен азаптан өтіп, жер бетінен мүлдем жоғалып кетпей, ел болудың жолын ойлап, ұлы шерудің бел ортасында келе жатыр.

Елімнің, жерімнің басқа елдермен терезесі тең болғанына, тіпті кейбір елдердің алдыңғы қатарынан көрінгеніне мақтанамын! Тәуелсіздігіміз жасасын!

Гүлнұр ӘМІРХАНҚЫЗЫ.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ - ДАМУДЫҢ ЖАҢА САТЫСЫ

ЛАТЫН ТІЛІ – АДАМЗАТ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ТІЛДЕРДІҢ БІРІ. ОЛ ЕЖЕЛГІ РИМДЕ ПАЙДА БОЛДЫ ЖӘНЕ РИМ ИМПЕРИЯСЫНДА ЖАЗУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ТІЛІ БОЛДЫ. 17 ҒАСЫРҒА ДЕЙІН ЛАТЫН ТІЛІ ҒЫЛЫМ МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТІЛІ БОЛЫП КЕЛДІ.



Қазіргі тілдердің көпшілігінен айырмашылығы, латын тілі даму үстінде емес және ол тілді ана тілін ретінде сөйлейтіндер жоқ. Дегенмен, оның басқа тілдер мен мәдениеттерге әсері әлі де маңызды. Қазіргі таңда латын тілінен енген көптеген сөздер мен сөз тіркестері, әсіресе, ғылыми терминдер мен заң лексикасы салаларында қолданылады. Латын тілінің өзіндік грамматикасы мен сөздік қоры бар. Ол үнді-еуропа-лық тілдер тобына жатады және құрылымы жағынан итальян, испан және француз сияқты басқа шет тілдеріне жақын. Латын тілін үйренудің пайдасы көп.

Біріншіден, ол аналитикалық ойлау мен логиканы дамытуға көмектеседі. Латын грамматикасы өте қиын және оны үйрену мұқият талдау мен логикалық ойлауды қажет етеді.

Екіншіден, латын тілін үйрену әртүрлі тілдердегі сөздердің шығу тегі мен мағынасын жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Латын тіліндегі көптеген сөздердің басқа тілдерде түбірі бар және бұл түбірлерді білу әртүрлі тілдерде-

гі сөздердің мағынасын түсінуді жеңілдетеді.

Жыл өткен сайын Қазақстан өзінің қарқынды дамуымен және стратегиялық реформаларымен әлемдік қоғамдастықтың назарын көбірек аударуда. Осындай маңызды өзгерістердің бірі қазақ әліпбиінде латын әліпбиін қолдануға көшу болды. Қазақстан үкіметі қабылдаған бұл шешім жазба тілді жаңғыртуды ғана емес, ұлттық бірегейлікті нығайтуды, халықаралық қауымдастықпен байланысты жақсартуды және білім мен даму мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді. Қазақ жазуындағы латын әліпбиіне көшу жаһандық тенденциялардың бір бөлігі болып және әлемнің көптеген елдері арасында танымал бола түсуде. Осы әліпбиді қайта құрылымдау нәтижесінде Қазақстан батыс мәдениеті мен технологиясымен өзара әрекеттесуін кеңейтеді, сонымен қатар өзінің әлемдік қауымдастықтағы бар екендігіне баса назар аударады.

Мейрамгүл ТӨТТІҒАЛИ,
Ойыл аграрлық колледжінің арнаулы пән оқытушысы.

ЕСКЕ АТУ

Керейұлы Мұхит
(01.05.1946 ж – 20.02.2023 ж)



Қош бол, менің асқар тауым,
Бұл дүние көрген түстей
Өте шығар сағым екен- дегендей,
Асқар тау әкеміз,асыл жар,
немерелерінің атасы Керейұлы Мұхиттың да өмірден өткеніне жыл толып келеді.

Ұлағат сөзді ағытқан,
Ұрпаққа ойды танытқан
Шаршы бір топта сөйлесе,

Ақылмен жұртты ұйытқан.
Өшпес мәңгі істерің,
Туған жерге тер төккен.
Қош бол, абзал күрескерім,
Елін сүйген жүрекпен.
Есіме түссе босадым,
Құдай қосқан қосағым
Дұғамды Алла қабыл ет,
Иманды болсын қосағым!

Еске алушылар: Жұбайы, балалары
Жылдық садақасы 16 желтоқсан күні Ойыл селосы, «Зарина» кафеcінде сағат 12.00де беріледі.

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Саралжын модельді ауылдық кітапханасының кітапханашысы **Жаңабәова Жамал Серікқызының** мезгілсіз дүниеден озуына қайтыс болуына байланысты отбасына қайғырып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Кептоғай модельді ауылдық кітапханасының кітапханашысы Омарова Әлияға **өнесінің** қайтыс болуына байланысты отбасына қайғырып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы еңбек ардагері **Дүсіпова Разияның** ауырып қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1326 дана. Тапсырыс 1717
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АУДАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС НАЗАРЫНДА

ӨТКЕН АПТА АУДАН ӨКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ МАРАТ АРЫСТАНОВ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТКЕН ОТЫРЫСҚА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СӘКЕН ЗАЙМОЛДИН, АУДАН ӨКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫ САЯН СҮЛЕЙМЕНОВ ПЕН МҰРАТБАЙ АЙДАРБАЕВ, ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ, МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫНАСТЫ.



Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Бірінші мәселе - «Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстары туралы, аудандағы жалдамалы-коммуналдық тұрғын үйлердің жай-күйі туралы» аудандық саулет, құрылыс, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысының міндетін уақытша атқарушы Азамат Исмағұлов баяндама жасады.

«Ауданда жалпы ұзындығы 243 км,300 м аудандық маңызы бар 15 автомобиль жолы бар. Ағымдағы жылы барлығы 26 жоба жүзеге асырылу жоспарланған болатын. Оның ішінде 13 автомобиль жолдарын орташа және күрделі жөндеу, 2 көпірлерді жөндеу және автомобиль жолдарында 11 су өткізу құбырларын салу жоспарланған. Қазіргі таңда Қайыңды, Қаратал, Екпетал, Құмжарған, Ойыл, Шұбарши ауылдарына кіреберіс автомобиль жолдары жөндеуден өткізілді. Ақкемер, Көптоғай ауылына кіреберіс жолдары жөндеу жұмыстары аяқталу сатысында. Ал, Кемер, Сарбие, Ойыл-Қараой автомобиль жолдары бойынша жөндеу жұмыстары аяқталмады. Оның ішінде Кемер ауылына кіреберіс автомобиль жолына бірнеше рет сатып алу жарияланған, мердігерлердің өтінім бермеуіне байланысты

жұмыстары басталмады. *Сарбие ауылына кіреберіс, Ойыл-Қараой автомобиль жолдары бойынша мердігер мекеме өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамауына байланысты жұмыстар аяқсыз қалды. Осыған орай, мердігерге қатысты сотқа арыз берілді. Ойыл-Қараой, Қайыңды-Ақтөбе жолдарындағы көпірлерді жөндеу бойынша жұмыстар аяқталды. Ал,аудандық маңызы бар автомобиль жолдарындағы 11 су өткізу құбырларын салу бойынша 9 жұмыс аяқталып, 2еуі аяқталу сатысында. Жыл соңына дейін 26 жобаның 22-сі аяқталып, 4-еуі аяқталмайды деп күтілуде», -* деді Азамат Исмағұлов. Екінші мәселе бойынша «2024-2026 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджет жобасын талқылау туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділханов баяндады.

Қоғамдық кеңес мүшелері бірқатар сауалдарын қойып, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттердің кейбір тұстарын талқылай келе ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Сонымен қатар, қоғамдық кеңес мүшелері Гүлмира Избағамбетова, Гүлсім Елекбаева үй мәселесі жайлы сауалдарын жолдады.

Р. С. Аудан өкімінің орынбасары С.Сүлейменов көтерілген кейбір мәселелерге орай түсінік берді.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖЕЛТОҚСАН БЕЙНЕСІ

Желтоқсан десе, әркім әрқалай айтады. Тарих беттері нақты фактілермен, сандармен сөйлесе, не болмаса желтоқсаншыларды біресе, «нашақорлар, ұлтшылдар» деп кінә тақса, әдебиетте қалай суреттегеннің білгіміз келетіні сізді қызықтырма ма? Жазушы «желтоқсан» туралы жазғысы келсе, сюжетпен, болған оқиғаны астарлап жеткізеді. Менің дипломдық тақыбырым, желтоқсан оқиғасына байланысты, яғни әдебиетте желтоқсан оқиғалары қалай суреттелгенін анықтағымыз келеді. Әдебиетте «желтоқсан» оқиғасы шағын әңгіме түрінде не драмалық қойылым ретінде көрсетіліп жүргенін байқаған шығарсыз? Желтоқсан оқиғасы туралы тек қана тарихта оқып қоймай, әдебиеттеде шығармаларды оқуға кеңес беремін. Желтоқсанға байланысты қандай шығармалар жазылғанын айтып кетейін, мүмкін жас ұрпаққа пайдасы тиер.

Желтоқсан оқиғасы туралы шығармалар қазақ әдебиетінде әлі талай жазылары сөзсіз. «Желтоқсан» оқиғасы екінің бірі жаза алмайтын оқиға дер едім. Айтпағым, сол оқиғаны көзбен көрмегесін суреттеу қиын. Естігеннен бөлек, ол туралы айтылмаған шындықты да зерттеу керек шығар деп ойлаймын. Мен қозғайын деп отырған әңгімем, Асқар Алтайдың «Прописка» әңгімесі мен «Сібір офицері» әңгімесі. Және Ерболат Әбікенұлының «Желтоқсан ызғары» деген хикаят жайлы сөз қозғағым келеді. Үш әңгімені бір-бірінен бөліп, жару қате деп ойлаймын. Әр жазушы өзінің стилімен ерекше жазған. Желтосан оқиғасы шығармаларды жыламай оқу мүмкін емес. Әр оқыған сайын намыстанып, рухтанып қалатынымда өтірік емес.

Әсіресе «Желтоқсан ызғары» әңгімесінде қалған екі әңгімеге қарағанда жастарды қалай қорлағанын көре аламыз. Оны шығарманың мына үзіндісінен байқай аламыз: "Есімді жиған-да Жанарды әлгі май бас орыс қардың үстінде жұмалап жатыр екен. Сүзіліп түскен көше шырақтарынан барлығы анық көрініп тұр. Ақ балтыр, ақ бөксе..." әңгіменің осы жерін оқи отырып, көзіне еріксіз жас келгенін өзінде байқамай қаласын. Шығармада Жанар мен Азаттың жаңа ғана үйленген жас жұбайлар екенін, аспирантураны енді бітірген жастар екенін байқаймыз. Әңгіме барысында Желтоқсан оқиғасының басталғанына екінші күн екенін аңғарамыз. Екі ғашықтың кіршіксіз таза махаббатын, бір-ақ сәтте жауыз орыс офицерлері бұзды. Оны мына жолдан: «Өзім жұлмақ тұр ғой иіскеуге қимаған аппақ гүлім нәжіске батып барады» дегеннен аңғарамыз. Шығармадан байқағаным, орыс офицерлері желтоқсан оқиғасын пайдаланып, қыздарымыздың арын таптап, ұлдарымызды жазықсыз соққыға жылып, сау адамды мүгедек қылғанын астарлап жеткізгісі келді.

Жазушы желтоқсан оқиғасын айтпас бұрын шығарманың басында, астық пен соғысты да бекер айтпағанын түсінеміз. Шығармада бомж Азат әңгімесін былай бастайды: «Иттің ба-

лалары-ай, сендер-ақ түбіме жететін болдыңдар ғой!» Аштық деп атамды әкеттіндер. Соғыс деп әкемді әкеттіндер! Ол аз болғандай «Желтоқсан» деп әйелімді әкеттіндер. Мені мүгедек еттіндер! Иттің балалары» деген сөздерінен аңғарамыз. Әңгімені оқи отырып, жыламау мүмкін емес. Тіпті Азат ары қарай сол оқиғадан кейін аман қалсада, Желтоқсанның сол қаһарлы түнін әлі күнге ұмытпайтынын, желтоқсан алаңына барып, құран бағыштағынан көреміз және сол оқиғаның зардабын әлі тартып келе жатқанын денсаулығынан аңғарамыз. Асқар Алтайдың «Сібір офицері» мен «Прописка» әңгімесіндегі ұқсастық, кейіпкерлерінің әскери адам болғандығы. «Прописка» әңгімесінде аты айтып тұрғандай басты кейіпкер Архат 7 жыл бармаған ауылына, пропискаға отыру үшін барады. Бұл Асқар Алтайдың «Прописка» әңгімесін бір оқыған адамға қарапайым шығарма секілді көрінуі мүмкін. Бірақ зер салып қараса, жазушы басқа бір шындықты айтып келді деп ой түйдім. Яғни сол жылдары үлкен әже-аталарымыздан естүімше, қазақ жастарын Алматыға үлкен қалаларға «прописка» болмаса кргізбей, тіпті оқытпауға дейін барғанын айтады. Қазақ жастары мектеп бітіргеннен кейін мал шаруашылығында екі жыл жұмыс істеу міндетті екен. Аңғау жастар бір жағынан астарлы саясаттың кесірінен, ауылда екі жыл қалып, жұмыс істеп, отбасын құрып, ары қарай өмірін өткізерін өздері білмеді де, Ауылда қалған жастар, тұрақты жұмысы мен отбасы болғасын, бастапқы «оқимын» деген арманы күлге айналғанын уақыт өте өзіде байқамай қалады. Менің бұл естігенім, ал айтылмаған шындық қаншама.

Ал «Сібір офицері» әңгімесін оқығанда, тарихта да айтылады ғой, желтоқсан көтерілісшілерін басу үшін, жан-жақтан әскери көмек келгенін және офицерлер әрбір адамның алдына тұрып, алаңға кіргізбегенін, тіпті офицерлер алаңға шыққан қазақ жастарынан 2-3 есе көп екенін тарихта айтылмағаны жайдан жай емес. Жазушы сол оқиғаны негізге алып, шығарманы жазған деген ойға келдім. Мағрипа ШӨЖЕҒҰЛҚЫЗЫ: «Қазақтың намысқойлығы да басқаға ұқсамайды. Асқар Алтайдың «Сібір офицері» әңгімесіндегі жалғыз қазақтың келбеті – сондай өршілдіктің жұрнағындай бір мысал» -деп баға беріпті.Меніңше басты кейіпкер Бурахан қазақ қандастарын аяусыз, жазықсыз өлтіргені үшін құсалықтан өлген секілді болып көрінді. Айтпағым қазақ әдебиетінде «Желтоқсан» оқиғасы туралы қандай шығарманы оқық, жазушыларымыз бізге өзіңше әрқилы нұсқада жеткізседе, астарында бір мән бар екенін ұға жүреміз. Желтоқсан оқиғасының өткеніне 40 жылға таяды. Шындық барынша ашылып, жас ұрпақ білсе деген ниет қана. Желтоқсаншылардың қаны мен көз жастары бекер зая кетпегенін жастар білсе, біз үшін бақыт болары сөзсіз.

Алтынгүл ҚОЖАГЕЛДІ.

Құттықтау

ОЙЫЛ СЕЛОСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ӨЛІМ ҚАРАТАЕВТЫ МҮШЕЛ ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Өлім Таласбайұлы! Өмірде DOSTYK жолы жақсы дейді, Досқа кім жақсы тілек тілемейді. Аңсаған арманыңа бақытпен жет, Осы ғой «ПА» жігіттер тілегені. Орындалсын арманың мен тілегің, Өрқашанда соға берсін жүрегің! Бақытты бол, отбасыңмен әрқашанда. Осы біздің саған айтар тілегіміз.



МҮШЕЛ ЖАСПЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР БІР ТОП ЖОЛДАС ЖІГІТТЕРІ!

Құттықтау

ОЙЫЛ СЕЛОСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ АБАЙ ТОҚМАҒАМБЕТОВТЫ МЕРЕЙЛІ 60 ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Абай Қаленұлы! Әппақ арын ешқашан кірлетпеген, Көркемдігі тең келген жігітпенен. Туған-туыс, дос-жаран, әріптестер, Ардақтайды өзіңді құрметпенен. Ел үшін еңбек еттің, аянбадың, Сол жылдар өз жемісін баяндады. Жарқырап, ұл-қыздарың – жұлдыздарың, Алпысқа ардагер Абай аялдадың.



МЕРЕЙЛІ ЖАСПЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР БІР ТОП ЖОЛДАС ЖІГІТТЕРІ!

АУДАН БІРІНШІЛІГІ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

ЖУЫРДА 16 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ ВОЛЕЙБОЛДАН АУДАН БІРІНШІЛІГІ ӨТТІ.



Ойылдықтардың сүйікті спортынан өткен жарысқа аудан орталығындағы оқу орындары мен мекемелер, округ мектептерінен 9 команда қатысты. Біріншіліктің ашылу салтанатында аудан өкімі Асқар Қайырғалиұлы келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі. Ойылдықтардың ыңғайына келетін волейбол ойыны қашанда жоғары деңгейде өтеді. Тартысты ойында өз шеберліктерін көрсеткен Ойыл қазақ орта мектебі ІІІ орынға тұрақтаса, Ж.Жүсібиалиев

атындағы қазақ орта мектебі командасы ІІ орынды еншіледі. Ал, жарыстың бас жүлдесі Шығанақ Берсиев ауылдық округінің командасына бұйырды. Жұлдегерлерге медальдар мен кубоктар табысталса, үздік ойыншыларға да арнаулы сыйлықтар ұсынылды. Сондай-ақ, жеңімпаздармен қатар әдемі ойын өрнегін көрсете білген ойыншылар да «Үздік шабуылшы», «Үздік байла-ныстырушы», «Үздік қорғаушы» аталымдарымен марапатталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



КАЗАКСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ ІО ДЕРЕК



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ 1991 ЖЫЛЫ 16 ЖЕЛТОҚСАНДА ТҰҢҒЫШ РЕТ ӨЗІН ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ДЕП ЖАРИЯЛАДЫ. БҰЛ КҮН 16, 17 ЖЕЛТОҚСАН КҮНДЕРІ АТАП ӨТІЛЕТІН ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМ.

1.1990 жылдары ел халқының саны 17 млн-нан 14 млн адамға азайды. Бүгінде Қазақстан халқының саны 18,6 млн адамға жетті. 2. Қазақстандықтар мерекелерді жақсы көреді. Бізде тоғыз мемлекеттік және бір ұлттық мейрам бар. Біздегі мерекелік күндер - 1-2 қаңтар Жаңа жыл, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні, 21-23 наурыз Наурыз,1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі

күні, 7 мамыр Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр Жеңіс күні, 6 шілде Астана күні, 30 тамыз Конституция күні және 16-17 желтоқсан Тәуелсіздік күні.

3. Қазақстан жер көлемі жағынан әлем елдерінің ішінде тоғызыншы орын алады (2 млн 724,9 мың шаршы шақырым). Ал 7 мың шақырымнан асатын Ресеймен шекарамыз әлемдегі ең ұзын шекара. Сонымен қатар ел аумағының басым бөлігі көпшілік ойлайтындай дала емес, шөл мен жартылай шөлден құралған. Қазақстандағы далалық аумақ 26%. 4.1997 жылы астанамызды Алматыдан Ақмолаға көшіру тура-

лы ресми шешім шығарылды. Қала Астана атауына ие болды. 2019 жылы Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегінің құрметіне елорда аты Нұр-Сұлтан деп өзгертілді.

5. 2019 жылы Қазақстан Doing Business рейтингінде Исландия (26 орын), Аустрия (27 орын), Ресей (28 орын), Жапония (29 орын) және басқа елдерді артқа тастап 25 орынға ие болды. 2016 жылы 35-ші, 2014 жылы – 77- орында болған еді.

6. Осы жылдар ішінде Қазақстан тоғыз қылмыстық амнистия жасады, оның 2016 жылғысы тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет